

## Қазақстанның оңтүстік өңірлерін 2003 жылғы көктеу кезеңінде суармалы сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 шілдедегі N 696 қаулысы

Қазақстанның оңтүстік өңірлерін 2003 жылғы көктеу кезеңінде суармалы сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары тұтынушыларының Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алуы және өтеу тәртібімен Бішкек қаласының ЖЭО-ға дейін көмір мен мазутты төте жеткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

2003 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына келетін электр энергиясының барлық ағыны осы қаулының шеңберінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алу, көмір мен мазутты төте жеткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтынушылары бойынша осы энергия ресурстарын кейіннен тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында келісім-шарттар жасасу арқылы жеткізу көлемдері жөніндегі операторларды белгілесін.

### 3 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті - оңтүстік өңірлердің суармалы жерлерін суару үшін су жеткізу ж ө н і н д е г і ү й л е с т і р у ш і ;

2) "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ) Қырғыз Республикасынан жеткізілетін электр энергиясын беру жөніндегі оператор болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп 2003 жылғы көктеу кезеңінде өтеу тәртібімен Қырғыз Республикасынан алынатын электр энергиясы үшін берілетін көмір мен мазутты экспорттық қатынаста темір жол көлігімен тасымалдауға арналған тарифтерге 0,5 төмендету коэффициентін белгілеу мүмкіндігін қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Бішкек қаласының ЖЭО-ға дейін көмір мен мазут жеткізу үшін жылжымалы құрамды іркілссіз беруін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге сәйкес осы қаулының шеңберінде жасалған келісім-шарттар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер беретін электр энергиясын, көмір мен мазутты кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданбайтын болсын.

7. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдеріне бір апта мерзімде көк өнім суаруға арналған суды үнемдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі көктеу кезеңінде судың ұтымды пайдаланылуына бақылау орнатуды қамтамасыз етсін.

8. "KEGOC" ААҚ-на заңнамада белгіленген тәртіппен Орталық Азия жиілік реттеуші энергия жүйелерінен қуатты реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу және технологиялық шығындарды өтеу үшін электр энергиясын Қырғыз Республикасына көмір мен мазут беруші бір көзден сатып алу жолымен Қазақстан БЭЖ оңтүстік бөлігіне электр тогының стандартты жиілігін қолдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*